## Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 15 тамыздағы N 1125 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 10 шілде N 865. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1996.11. N 1389 қаулысымен.

Мүгедектерді әлеуметтік қорғауға бағытталған қаржыларды тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Әкелінетін тауарларға арналған кеден бажының ставкалары туралы" Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 15 тамыздағы N 1125 қаулысына мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1-қосымшасы:

1/ мына мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

-----------------------------------------------------------------------
СЭҚ ТН бойынша і Тауарлардың қысқаша атауы іКедендік
тауар коды і іқұннан
і інемесе
і ібірлік
і іөлшемінің
і іэкюдегі
і іпроцентпен
і іесептеге.
і індегі
і ібанк
і іставкалары
-----------------------------------------------------------------------
1 2 3

---

_

3922-3926-дан Пластмассадан жасалған арнаулы бажсыз
санитарлық-техникалық бұйымдар;
мүгедектерге арналған пластмассадан
жасалған асхана ыдысы, жуынуға арналған
заттар, басқа тұрмыс заттары;

| | | |
|---|---|---|
| | пластмассадан жасалған басқа бұйымдар және басқа материалдардан жасалған бұйымдар*** | |
| 6107-ден | Мүгедектерге арналған санитарлық-гигиеналық және медициналық мақсаттағы ерлердің және ұл балалардың іш киімдері*** | бажсыз |
| 6108-ден | Мүгедектерге арналған санитарлық-гигиеналық және медициналық мақсаттағы әйелдердің және қыз балалардың іш киімдері*** | бажсыз |
| 6207-ден | Мүгедектерге арналған санитарлық-гигиеналық және медициналық мақсаттағы ерлердің және ұл балалардың іш киімдері*** | бажсыз |
| 6208-ден | Мүгедектере арналған санитарлық-гигиеналық және медициналық мақсаттағы әйелдердің және қыз балалардың іш киімдері*** | бажсыз |
| 6909-6912-ден | Мүгедектер үшін бейімделген керамикалық ыдыс және күнделікті қолданыстағы шаруашылық заттар*** | бажсыз |
| 70-тен | Мүгедектер үшін бейімделген шыны ыдыстар мен бұйымдар*** | бажсыз |
| 7323, 7324-тен | Мүгедектерге арналған қара металдан жасалған ыдыс, санитарлық-техникалық бұйым*** | бажсыз |
| 8213-тен | Мүгедектерге тікелей арналған қайшылар, тігіншілік және соған тектестерін қоса, оларға арналған ұстаралар*** | бажсыз |

| | | |
|---|---|---|
| 8214-тен | Мүгедектерге тікелей арналған кескіш басқа бұйымдар*** | бажсыз |
| 8215-тен | Мүгедектерге тікелей арналған қасықтар, шанышқылар, ожаулар, кепсерлер, торт қалақшалары, май, балық тілетін пышақтар, қант тістеуіштері және осыған сәйкес ас әзірлейтін немесе асханалық заттар*** | бажсыз |
| 8712-ден | Тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектерге арналған қозғалыс құралы (велосипедтер мен әртүрлі мөлшердегі қозғалатын стендерлер)*** | бажсыз |
| 871639-дан | Тіркемелер және жартылай басқа да тіркемелер*** | бажсыз |
| 9023-тен | Нашар еститіндерді және саңырауларды оқытуға пайдаланатын көрсеткіштер, аппаратуралар және модельдер*** | бажсыз |
| 9401-ден | Мүгедектерге тікелей арналған жиһаздар*** | бажсыз |
| 95-тен | Арнаулы ойындар, ойыншықтар мен спорт мүкәммалдары/арнайы жабдықталған сенсорлық және ойын бөлмелері, көру, тактильдік, моторлық және басқа сезім түрлерін дамытуға арналған ойыншықтар, физиотерапевтік, уқалау доптары, матрастар, жастықтар, трубкалар, вестибулярлық аппаратты дамытуға арналған жабдықтар және мүгедектерді сауықтыруға және оқытуға арналған басқа мамандандырылған құралдар/*** | бажсыз |

мына мазмұндағы ескертумен толықтырылсын;

"***Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігі берілетін шет ел кредиті есебінен сатып алынған, сондай-ақ республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен және 1995 жылдың 15 қыркүйегі кезінен бастап республикаға бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын

ұйымдардың әкелінетін";

2) "701331100- Столды жасандыруға арналған бұйымдар 25
701391100 немесе ас үй бұйымдары және қолмен
жолдары: өңделген өзге хрусталь бұйымдар"

мына редакцияда баяндалсын:

"701331100- Столды жасандыруға арналған бұйымдар 25
701391100 немесе ас үй бұйымдары және қолмен
өңделген өзге хрусталь бұйымдар"

2-қосымшасында:

2-жолындағы "Медициналық мақсат үшін арнайы арналған 8703

автомобильдерден" сөздер "мүгедектер үшін арналған жеңіл автомобильдер және басқа моторлы көлік құралдары" сөздерімен толықтырылсын**;

мына мазмұндағы ескертпемен толықтырылсын:

"**республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен сатып алынған және 1995 жылдың 15 қыркүйегі кезінен бастап республикаға бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын ұйымдар әкелген".

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап бір ай өткен соң күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК